



**ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ,
АДАМ, ОНЫҢ САНАСЫ МЕН АДАМГЕРШІЛІГІНІҢ ДАМУЫ**

III Халықаралық ғылыми-теориялық конференция
Материалдары

2018 жылдың 16-17 ақпаны

II том

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ,
РАЗВИТИЕ ЧЕЛОВЕКА, ЕГО СОЗНАНИЯ, НРАВСТВЕННОСТИ**

Материалы
III Международной научно-теоретической конференции

16-17 февраля 2018 года

Том II

**ACTUAL PROBLEMS OF WORLD PHILOSOPHY,
DEVELOPMENT OF HUMAN, HIS CONSCIOUSNESS,
AND MORALITY**

Proceedings
of the III International Scientific-Theoretical Conference

February 16-17, 2018

Volume II

Астана/Astana

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
РҒА ФИЛОСОФИЯ ИНСТИТУТЫ
ҚР БҒМ ҒК ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ
М.В. ЛОМОНОСОВ АТЫНДАҒЫ ММУ ҚАЗАҚСТАН ФИЛИАЛЫ

**ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ,
АДАМ, ОНЫҢ САНАСЫ МЕН АДАМГЕРШІЛІГІНІҢ ДАМУЫ**

**III Халықаралық ғылыми-теориялық конференция
материалдары**

2018 жылдың 16 - 17 ақпаны

II том

Астана, 2018

Редакциялық кеңес

Е.Б. Сыдықов, Д. Қамзабекұлы, Ғарифолла Есім,
Г.А. Адаева, С.А. Арыстамбаева, М.М. Бозжігітова,
К.А. Медеуова, Д.Т. Толғамбаева

Әлемдік философияның өзекті мәселелері, адам, оның санасы мен адамгершілігінің
Ә43 дамуы: III Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары (2018
жылдың 16-17 ақпаны, Астана, Қазақстан) 2 томдық. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы
ЕҰУ баспасы, 2018. – 339 б.

ISBN 978-9965-31-977-8

Жинаққа Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР ғылым және техника саласы бойынша Мемлекеттік сыйлығының, «Достастық жұлдызы» мемлекетаралық сыйлығының, ҚР тұңғыш президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының, Халықаралық «Өмір ағашы» сыйлығының лауреаты, Шоқан Уәлиханов атындағы Мемлекеттік сыйлықтың тұңғыш лауреаты Жабайхан Мүбәрақұлы Әбділдиннің 85 жылдық мерейтойына арналған «Әлемдік философияның өзекті мәселелері, адам, оның санасы мен адамгершілігінің дамуы» атты III халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енген.

Конференция шеңберінде «Философия тарихы, таным теориясы мен ғылым әдіснамасының өзекті мәселелері», «Қазіргі әлемдегі адам және адамгершілік мәселелері», «Ж.М.Әбділдин және диалектикалық логика мен таным теориясы, адам мен адамгершілік мәселелерінің талдануы» секциялары жұмыс жасады.

Қазіргі философияның өзекті мәселелері мен ҚР ҰҒА академигі Жабайхан Мүбәрақұлы Әбділдиннің шығармашылығына қызығушылық танытқан қауымға арналады.

Жарияланып отырған материалдар автор редакциялауымен берілген.

ӘОЖ1/14
КБЖ87.0

ISBN 978-9965-31-977-8
ISBN 978-9965-31-975-4

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ РАН
ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ, ПОЛИТОЛОГИИ И РЕЛИГИОВЕДЕНИЯ КН МОН РК
КАЗАХСТАНСКИЙ ФИЛИАЛ МГУ ИМЕНИ М.В. ЛОМОНОСОВА

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ,
РАЗВИТИЕ ЧЕЛОВЕКА, ЕГО СОЗНАНИЯ, НРАВСТВЕННОСТИ**

Материалы III Международной научно-теоретической конференции

16-17 февраля 2018 года

Том II

Астана, 2018

УДК1/14
ББК87.0
А43

Редакционный совет

Е.Б. Сыдыков, Д. Камзабекұлы, Ғарифолла Есім,
Г.А. Адаева, С.А. Арыстамбаева, М.М. Бозжигитова,
К.А. Медеуова, Д.Т. Толгамбаева

А43 Актуальные проблемы мировой философии, развитие человека, его сознания, нравственности: Мат-лы III Междунар. науч.-теорет. конф. (16-17 февраля 2018 г., Астана, Казахстан) в 2-х тт. – Астана: изд-во ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2018. – 339 с.

ISBN 978-9965-31-977-8

В сборнике представлены материалы III Международной научно-теоретической конференции «Актуальные проблемы мировой философии, развитие человека, его сознания, нравственности», посвященной 85-летию академика НАН РК Жабайхана Мубаракovich Абдильдина, Лауреата Государственной премии Каз ССР в области науки и техники, Межгосударственной премии «Звезда Содружества», Президентской премии мира и духовного согласия, Российской премии «Древо жизни», Лауреата первой премии имени Ч.Ч. Валиханова.

В рамках конференции работали секции: «История философии, актуальные проблемы теории познания и методологии науки», «Проблема человека и нравственности в современном мире», «Академик Ж.М. Абдильдин и разработка проблем диалектической логики, теории познания, человека и нравственности».

Адресовано всем интересующимся актуальными проблемами современной философии и творчеством академика НАН РК Жабайхана Мубаракovich Абдильдина.

Публикуемые материалы представлены в авторской редакции.

УДК1/14
ББК87.0

ISBN 978-9965-31-977-8
ISBN 978-9965-31-975-4

происходят эти процессы. Условия познания создают конкретность гносеологических отношений субъекта и объекта в процессе деятельности, определяют специфическую форму их взаимодействия [7, с.149].

Список источников

1. Абдильдин Ж.М. Проблема начала в теоретическом познании. - Алматы: Наука, 1967.
2. Изотов М.З. Синтез и развитие научной теории: основные принципы и аспекты // Казахстанская философия в канун XXI века. – Алматы: Ақыл кітабы, 1998.
3. См.: Абдильдин Ж.М., Нысанбаев А.Н. Диалектико-логические принципы построения теории. – Алматы: Наука, 1973.
4. Кедров Б.М. Развёрнутый ступенчатый ряд восхождений от абстрактного к конкретному // Методологические принципы физики. - М.: Наука, 1975.
5. Саттарова Ф.Ф. Синтез научного знания. Монография. – Караганда: Изд-во КарГУ, 2007.
6. Абдильдин Ж.М., Балгимбаев А.С. Диалектика активности субъекта в научном познании. - Алматы: Наука, 1977.
7. Саттарова Ф.Ф. Логико-методологические принципы научного познания. Монография. – Караганда: РИО «Болашак-Баспа», 2015.

ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙЛАР САБАҚТАСТЫҒЫ – Ж.М.ӘБДІЛДИН ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ «ИДЕЯ» ҰҒЫМЫ

Сапарғалиева С.Ж.
Астана қ.,
s.sairash@mail.ru

Қазақстанда «Философия» және «Мәдениеттану» бағыты бойынша мамандарды дайындайтын ЖОО бірі Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Нақтылап айтқанда, сол мамандарды оқытып, ғылымның дара жолына салатын «Философия» кафедрасының академиктері мен профессорлары және ғылым кандидаттары. Факультетте ғалым, академиктердің дәрістерін тек бакалаврдағы білім алушылар ғана емес, сондай ақ, магистранттар мен докторанттар және кафедраның жас оқытушыларынан бастап ғылым кандидаттарына дейін тыңдау дәстүрге айналған. Философиялық ойлар сабақтастығының заманауи методологиясы қазіргі университеттік оқу үрдісінде ғылыми семинар тұрғысынан осындай бағытта жүзеге асырылып отыр. Қазақстандық ғылым аудиториясында ғана емес, әлемнің бірқатар елдеріне философиялық еңбектерімен танымал академиктер Ж.М. Әбділдин, Ғарифолла Есім т.б. бүгінгі білім жолында жүрген ізденушілерді академиялық сауаттылыққа тәрбиелеп келеді.

Философиямен айналысу біршама мәліметтер бойынша алғаш рет варварлардан басталған, дәлірек айтқанда парсыларда – магия, вавилондықтар мен ассириялықтарда – халдей, үндістерде – гимнософистер, және т.б., ал египеттіктердің айтуынша, философияны бастаушы Гефест. Гректер өз отандарында да, колонияларда да бір тілде сөйледі. Бұл ұлттық бірлік санасын тудырды. Барлық басқа тілде сөйлеушілерді олар варварлар, яғни «түсініксіз тілде сөйлейтіндер» деп атады. Гректердің бас қаласы Афиннің гүлденуі Перикл (б.э.д. 459-432 жж) басқарған жылдармен сәйкес. Ол стратег қызметін атқара отырып, жарлы-жақыбайларға қамқор болды, мемлекеттік кеңес пен сот алқасына қатысу мүмдігін иеленіп, жоғарғы мемлекеттік қызмет, яғни «орхон» бола алды. Алағашқы азамат Перикл, Афин тұрғындарын өзінің даналығы және шешендігімен баурап алды. Сауатты адам ретінде Афинді сол замандағы интеллектуалды орталыққа айналдырды. Сол кездегі грек философтары мифтерді өздерінің абстракты идеяларын түсінікті ету үшін пайдаланды. Олар кейде танымал сюжеттерді алды, бірақ көбінесе жаңа мифтер және жаңа батырларды ойлап тапты. Ежелден бастау алған философиялық ойлардың сабақтастығы қоғамдық санада қалыптасқан идеялар негізінде жүзеге асарылып, жалғасып отырды. Қоғамдық сананың өзгеруі философиялық ойға да, идеяға да ықпал етеді немесе керісінше.

Атақты неміс философы И. Кант адам зердесін танымдық тұрғыдан саралай келе: «Адам білімінің қайсысы болмасын түйсіктен басталып, түсінікке ұласып, идеямен аяқталады» – деп, өз ойын түйіндеген еді. Осы бір қарапайым ой түйіні «идея» түсінігінің мәнін және қалыптасу жолдарын қысқаша түрде нақты анықтап беріп тұр. Идея (грек.т. idea – тікелей аударылымы «көзге көрініп тұрған зат, дүние, бейне») – болмыс, ой ұғымдарымен тығыз байланысты және «мән», «мағына», «түсінік» деген мағынаны білдіретін философиялық ұғым. Философия тарихында «идея» ұғымы әртүрлі мағынада қолданылып, қарастырылып келеді.

Идея тек санада ғана болады деп қарастырсақ: *таза реализм* – ол сезімдік заттардың бейнесі ретінде санада пайда болатын сезімдік қалып; *субъективті идеализм* – дүниені тудыратын шығармашылық бастамаға немесе субъектіні түйсіну мен әсерге алып келетін заттардың «мәні» мен «мағынасы». Бірқатар философиялық жүйелерде идея материалистік қағидаларды білдірген сәттері де бар. Мысалы, Демокрит өзінің атом туралы пікірін «идея» деп атаған болатын. Объективті идеализм жүйесінде идея дегеніміз барлық заттардың объективті тіршілік ететін мәні. Гегельді мысалға келтірсек, оның ілімінде идея дегеніміз барлық заттардың жаратушысы және мәні. Таза логикалық жолмен дами отырып объективтілік, субъективтілік және абсолюттік деңгейлерден өтеді [1. 124 б.].

Қазіргі заман идеялар заманы. Кез-келген идеяны түсіну үшін алдымен ол мәселенің пайда болу алғышарттарын, дамуын және оның қазіргі заманғы ғылым тарихы мен философиясында қандай маңыздылығы бар, соны анықтап алуымыз керек. Сонда ғана біз идея туралы мазмұнды түсінік аламыз. Себебі, осыдан бірнеше жыл бұрын Мәскеуде және басқа да елдерде, біздің елімізде де «ұлттық идея» туралы әртүрлі көзқарастар айтылып жатты. Алайда, осы идея туралы айтып жатқан адамдар шын мәнісінде аталмыш ұғымның түпкі негізіне үңілген жоқ. Олар «идея» деген терминді білді, оларда осы ұғым туралы абстрактілі түсінік болды, бірақ «идея» ұғымының қандай контекстік тұрғыда ашылғандығын, бұл ұғымның қалай дамығандығы туралы өкінішке орай ешкім білмеді, айтпады. Бүгінгі ғылыми семинар барысында академик Ж.М. Әбділдин өз ойын қысқаша түсіндіре келе, идея ұғымын талдауды оның тарихынан бастады. Бұл концепцияны алғашқылардың бірі болып талдап, өз анықтамасын берген грек ғұламасы Платон. Философ бұл ұғымды жайдан-жай қарастырған жоқ, оны редукциянизммен қарсы күреске байланысты қарастырды. Философия тарихынан белгілі Платонға дейінгі антика философтары Фалес, Гераклит, Демокрит сынды материалистер тұтастық ұғымын элементтермен байланыстырды. Мысалы: су, ауа, от, атом. Иә, бұл дегеніміз білімге жатады, өйткені осы элементтер арқылы олар космос, әлем туралы түсінгілері келді. Бірақ олар «мәннің» не екенін түсінген жоқ. «Мән» ұғымын Сократ, Платонға дейін ешкім түсіндіре алмады, адамдар тек сапа, сан, өлшем сынды фундаментальді ұғымдарға сүйенуарқылы түсіндірді. Бірінші болып «мән» ұғымына тоқталған ол – Платон. Оның дәйектемесіне жүгінсек, кез-келген мәнді элементке негіздеу арқылы түсіндіре алмаймыз. Әрбір құбылыстың өзіндік мәні бар. Мәселен, адамның түр ретінде өзіндік мәні бар. Адам адамды дүниеге алып келеді. Демек, Платон идея ұғымын «мән» тұрғысынан анықтап берді. Бірқатар философтар идеяның идеалды сипатқа ие екенін түсіне бермейді, яғни оны ұстап көру мүмкін емес, алайда Платонда идея объективті және шынайы. Яғни, идея дегеніміз заттың зат ретінде танылуы. Абай айтқандай: «...Өлсе өлер табиғат адам өлмес, ол бірақ баяғыдай ойнап күлмес, менімен менікінің айырмасын, өлді деп ат қойыпты өңшең білмес». Демек, адамның мәні оған тән қасиеттермен, оның жиынтығымен өлшеніп, қалыптаспайды. Міне, өзіміз көріп отырғандай, Платон идеяны идеалды мән тұрғысынан қарастырып, адамзат үшін «мән» категориясын нақтылап берді.

Идея ұғымының дамуы туралы жоғары деңгейдегі көзқарас Имануил Канттан байқалады. Ол идея ұғымын ғылыми білім арқылы негіздеу тұрғысынан алға шықты. Канттың пікірінше, идея ақыл-оймен байланысты. Яғни, ақыл-ой тұтас құбылысты түсінгісі келгенде барып, идеяны қозғайды. Идея ақылға тиесілі субъективті ұғым. Біздің танымымызға жалпы түсінік беру үшін мүмкіндік береді. Нәтижесінде Кант та, Платон сияқты идеяны жалпы тұтас бір ұғым ретінде қарастырғанымен, оны ақыл-ойға тиесілі

субъективті ұғым деп таныды. Бұл категорияны талдаудағы келесі деңгей неміс классикалық философиясының көрнекті ойшылы Г. Гегелмен байланысты. Г.Гегель үшін Ф.Шеллингтың орны ерекше. Ф. Шеллингтің пікірінше, бастама философия арқылы түсіндірілмеуі тиіс.

Яғни материалдылық та, идеалдылық та бастама бола алмайды. Барлық материалдылық негізді субстанция деп алып, идеалдылықты Канттың өзіндік сана идеясы арқылы түсіндіруімізге болады. Бастама болмыс пен ойдың біруақыттағы теңдігі болуы тиіс деген ой шығады. Дегенмен, бұған адам санасының жетуі мүмкін емес. Себебі, бұған дейін Аристотель өзінің логикасында «ақыл-ойда қарама-қайшылық болмайды» – деп, тиым салған. Яғни, Ф.Шеллингтің ойын түйіндесек, оған тек экстаздық жағдайындағы шығармашыл гений ғана жете алады. Қарапайым адам, тіпті ғылым, ақыл-ой оған ешқашан жете алмайды. Г. Гегель бастапқыда Ф. Шеллингтің осы ойлары жазылған хатын оқығанда өте қатты әсерде болды.

Осыдан кейін шамамен он жыл Г. Гегель ештеме жарияламады. Осы кездері атақты «Рух феноменологиясы» еңбегін жазды. К. Маркс бұл еңбекті «ақиқат көздері», Г. Гегель философиясының құпиясы деп атаған еді. Г. Гегель осы еңбегінде Ф. Шеллингтің «... бастама болмыс пен ақыл-ойдың теңдігі» деген идеясын қолдайтындығын айтады. Бірақ болмыс пен ақыл-ойдың теңдігіне адамзат ақыл-ойы мен ғылым арқылы қол жеткізе аламыз деген пікір білдіреді.

Ақыл-оймен парасат екеуі бір. (Шеллинг) Ақылға апаратын баспалдақтар, олар парасат. Парасат қарама-қайшылыққа жол бермейді. Ең жоғарғы ақыл-ой бұл қарама-қайшылыққа жауапты, ол қарама-қайшылыққа жол беріп қана қоймай, оны шешуі керек, бағыттауы керек. Г. Гегельдің көзқарасынша идея логиканың бастамасы, болмыс пен ойдың теңдігі. Объективтікпен субъективтіліктің, материалдылық пен идеалдылықтың бірлігі. Түйіндеп алғанда, барлығының қосындысын диалектикалық ақыл-ой біріктіреді.

Марксизм мен қазіргі заманғы ғылымда «идея» жалпы қарапайым ұғым ретінде түсіндірілмейді. Идея дегеніміз адамзат іс-әрекетінің формасы тұрғысынан қарастыла бастады. Адам өз тіршілігінде басқа тіршіліктен шығармашылығы арқылы ерекшеленеді. Адам дегеніміз адам шығармашылығының жемісі.

Демек, Маркстің пікірінше, қазіргі заманғы ғылым түсіндірмесінде «идея» дегеніміз шындықты бейнелеп қанай қоймай, болашақты көрсетіп беретін координальді философиялық ұғым. Идея алғашқы бастама, теория ұғымдарымен тікелей байланысты, яғни идея сол бастама туралы жалпы түсінік бере отырып, барлық үдерістің жүзеге асуын қамтамасыз етеді.

Сондықтан, ғылым ақиқат тұрғысынан жеке қалыптасқан сәт, яғни XVI-XVII ғғ бастап ұғымдарға, теорияға назар аудара бастады. Себебі, бүгінгі ғылымның шығармашылық тұрғыдан дамуы дегеніміз ол – теория. Бұған дейін қазіргі ғылым ғылыми идеяға ерекше назар аударды. Дұрыс ғылыми идея болмаса, теорияны қалыптастыру, жаңа теорияны жасау мүмкін емес.

Демек, идея кез-келген теорияға, адамзаттың шығармашылық әрекетіне өте қажет. Осы тұрғыдан алғанда идеяның екі формасы қалыптасқан. Бірінішісі, жаратылыстану ғылымдарында жүзеге асырылған, тіпті сол форма қоғамдық ғылымдарда әлеуметтік процесс барысында жүзеге асырылған. Жаратылыстану ғылым идеясының қоғамдық ғылым идеясынан айырмашылығы мынада. Түбегейлі идеялар ғылым дамуындағы қарама-қайшылықтар негізінде пайда болады.

Ғылыми даму дегеніміз білім теориясына қатысты жүйелер негізінде қалыптасады. Өзінің даму барысында жаңа фактілермен кездеседі. Алдыңғы қалыптасқан теориялар ғылыми қауымдастықтың қорғауында болады. Сонымен И. Ньютонның, Г.Галилейдің ықпалымен пайда болған классикалық физика XIX ғ. аяқталды. Жаңа идея дегеніміз қарама-қайшылықты шешуге қабілетті идея. Идея бірнеше түрлерге бөлінеді. Олардың ішінде жалған идеяларда болады. Бірақ, солардың ішіндегі біреуі ғана сол теорияны шеше алатын өміршең болып келеді.

Міне, сондай ұғым ғана ғылыми болып есептеледі. Адамзат жалпы көптеген жалған ұғымдар мен теорияларды, ғылымды дүниеге алып келді. Сонымен қатар, қоғамдық идеялар туралы айтудымызға да болады. Олар да әр қырынан көрініс алады. Жалған қоғамдық идеяларда кездеседі, әсіресе адамзатты қорғап қалу үшін ойдан шығарылған идеяларды мысалға келтіре аламыз. Мысалы, террористік идеялар т.б. Утопиялық идеялар болады, оны туындауына түрткі болатындар жоқ жерден пайда болғызбайды, оның себепшілері бұл идеяның туындау барысындағы қарама-қайшылықтардан алдын-ала хабардар болады. Мысалы, Сен-Симонмен Фурьенің социализм туралы утопиялық идеялары. Ресейге әсіресе Фурьенің идеялары өте қатты ықпал етті.

Жаңа технологияларды қолдану арқылы адамдар өздерін дамытады. Алған білімінің нәтижесінде дамудың белгілі бір деңгейіне көтеріледі. Сондықтан идеяның тек өзі ғана маңызды емес, сол идеяны жүзеге асыруға апаратын мақсат та өте маңызды. Түйіндеп айтар болсақ, идея ол дамиды, жүзеге асыруды қажет ететін ұғым. Идея ұғымына қалай пайда болды, қалай дамыды, қазір неге қол жеткізді деген сауалдарды қою арқылы түпнегізін, мәнісін түсіне аламыз. Идея түбегейлі нақты ұғым ретінде абстрактілі жалпы принципіалды тұрғыдан алғанда идея терминен айырықшаланады. Идея дегеніміз ол – мазмұнды, нақты, жалпы ұғым. Кез-келген жүйе, кез-келген мемлекет дамыған кезде қарама-қайшылық туындайды, түбінде ол міндетті түрде идеяның көмегімен шешіледі.

Осы мақалада ғылым жолындағы ерен еңбегімен қатар, оқытушы атты жауапкершілігі мол қызмет атқарып жүрген тәлімгер ұстаз, философ, Қазақстандағы диалектикалық логика мектебінің негізін қалаған академик Жабайхан Мүбәрәкұлы Әбділдиннің «идея» ұғымы туралы көзқарасына тоқталуды, ғалымның осы ұғым туралы өткізген ғылыми семинарына қатысып, өзіме түйіп алған философиялық ойларын сабақтастық тұрғысынан байланыстырып оқырман аудиториясына жетуізуді мақсат еттім. Ғылымның әр саласындағы ұғымдардың пайда болу тарихы, олардың қоғамдық айналысқа енуі өз алдына бір бөлек мәселе. Ал, бүгінгі Қазақстандық қоғамда дамудың алғы жоспарында тұрған идеялардың жүзеге асуының ең басты тәсілі ол – жүзеге асыру механизміне, құралына тәуелді екенін философ, ғалым қарапайым мысалдармен, нақтылықпен, ең бастысы жүйемен түсіндіріп берді.

Идея өздігінен жүзеге аспайды. Идея құралдың қызметі. Оны кім жүзеге асырады? Қоғамның стратификациялық жүйесінің қай тобы оны орындайды? Оны жүзеге асыру жолының механизмі қандай? Міне, идеяның жүзеге асуы осыларға тәуелді. Егер идея оған сәйкес келмесе, ол жүзеге аспайды, құндылығын жоғалтады. Сондықтан ғылыми идея өте маңызды, бірақ оны жүзеге асыруға ықпал ететін құрал механизмі одан да маңыздырақ.

Әдебиет тізімі

1. Философский словарь // Под ред. И.Т. Фролова. – 4-е изд. – М.: Политиздат, 1981. -444 с.

ВОПРОСЫ ДЕМОКРАТИИ В ТВОРЧЕСТВЕ ЖАБАЙХАНА АБДИЛЬДИНА

Толгамбаева Д.Т.

г. Астана

dametken-kaz@mail.ru

В истории философии существуют различные теории общества, государства, ряд теорий сформировали идеал общественного устройства, в котором воплощены идеи свободы, равенства, справедливости. Однако их понимание, понимание демократии было различным не только в определенные периоды развития, но и у отдельных мыслителей.